

**"Салық есептілігі нысандарын және оларды жасау қағидаларын бекіту туралы"
Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2018 жылғы 12 ақпандағы № 166
бұйрығына өзгерістер мен толықтыру енгізу туралы**

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің Бірінші орынбасары - Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2019 жылғы 29 мамырдағы № 505 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2019 жылғы 30 мамырда № 18748 болып тіркелді. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2024 жылғы 24 желтоқсандағы № 869 бұйрығымен

Ескерту. Күші жойылды - ҚР Қаржы министрінің 24.12.2024 № 869 (01.01.2025 бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

БҰЙЫРАМЫН:

1. "Салық есептілігі нысандарын және оларды жасау қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2018 жылғы 12 ақпандағы № 166 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 16448 болып тіркелген, 2018 жылғы 16 наурызда Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілердің эталондық бақылау банкінде жарияланған) мынадай өзгерістер мен толықтыру енгізілсін:

көрсетілген бұйрықпен бекітілген "Қосылған құн салығы бойынша декларация (300.00-нысан)" Салық есептілігін жасау қағидаларында:

54-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"54. Осы нысан Салық кодексінің 429, 431, 432, 433, 434-баптарына сәйкес қайтаруға ұсынылған ҚҚС сомалары бойынша мәліметтерді егжей-тегжейлі көрсетуге арналған.";

57-тармақта:

екінші бөлімнің 2) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"2) 300.09.001 I жолында 300.09.001 II, 300.09.001 III, 300.09.001 IV, 300.09.001 V, 300.09.001 VI жолдарындағы ҚҚС асып кету сомасын қоспағанда, нөлдік мөлшерлеменен салық салынатын айналымдар бойынша қалыптасқан, оның ішінде талап ету мерзімі шегінде салық кезеңдері бойынша бөле отырып, қайтаруға ұсынылған ҚҚС асып кету сомасы көрсетіледі.

Бұл жол, сондай-ақ Салық кодексінің 433 және 434-баптарына сәйкес ҚҚС қайтару тәртібін қолданудан бас тартқан жағдайда толтырылады;"

екінші бөлімнің 7) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"7) 300.09.001 VI жолында Салық кодексінің 434-бабына сәйкес ҚҚС қайтарудың оңайлатылған тәртібін қолданғаннан кейін қалған, Салық кодексінің 429-бабы 5-тармағына сәйкес қайтаруға жататын, оның ішінде талап ету мерзімі шегінде салық кезеңдері бойынша бөле отырып, ҚҚС асып кету сомасы көрсетіледі. 300.09.001 жолының сомасы 300.00.032 жолына көшіріледі.";

көрсетілген бұйрықпен бекітілген "Көлік құралдары салығы, жер салығы мен мүлік салығы бойынша декларация (700.00-нысан)" Салық есептілігін жасау қағидаларында:

2-қосымшада:

Салық жеңілдігінің кодында:

9-реттік нөмірдің жолы мынадай редакцияда жазылсын:

"

9	Нұр-Сұлтан және Алматы қалаларының әуесайлақтарындағы ұшу-қону жолақтарын және әуесайлақтарындағы терминалдарды қоспағанда, әуесайлақтардағы ұшу-қону жолақтары және әуесайлақтардағы терминалдар бойынша заңды тұлғалар.
---	---

";

көрсетілген бұйрыққа 56-қосымша осы бұйрықтың қосымшасына сәйкес мынадай жаңа редакцияда жазылсын;

көрсетілген бұйрықпен бекітілген "Ойын бизнесі салығы және тіркелген салық бойынша декларация (710.00-нысан)" Салық есептілігін жасау қағидаларында:

1-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"1. Осы "Ойын бизнесі салығы және тіркелген салық бойынша декларация (710.00-нысан)" Салық есептілігін жасау қағидалары (бұдан әрі - Қағидалар) " Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы" 2017 жылғы 25 желтоқсандағы Қазақстан Республикасының Кодексіне (Салық кодексі) сәйкес әзірленген және ойын бизнесі салығын және тіркелген салықты есептеуге арналған, сондай-ақ қосылған құн салығы бойынша "Ойын бизнесі салығы және тіркелген салық бойынша декларация" Салық есептілігі нысанын жасау (бұдан әрі - декларация) тәртібін айқындайды. Декларацияны:

Салық кодексінің 534-бабына сәйкес ойын бизнесі саласында қызметті жүзеге асыратын, сондай-ақ қосылған құн салығын төлеуші болып табылатын заңды тұлғалар;

уәкілетті ұйымдар, сондай-ақ Салық кодексінің 544-бабына сәйкес тіркелген салық салынатын қызмет көрсету бойынша қызметті жүзеге асыратын жеке кәсіпкерлер мен заңды тұлғалар жасайды.";

14-тармақтың 7) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"7) төлеушінің санаты.

А - Салық кодексінің 534-бабына сәйкес ойын бизнесі салығының төлеушісі;

В - Салық кодексінің 544-бабына сәйкес тіркелген салық төлеушісі;

С - Салық кодексінің 82 және 83-баптарына сәйкес қосылған құн салығы бойынша тіркеу есебіне қою жүргізілген салық төлеуші.

Егер салық төлеуші бір мезгілде ойын бизнесі салығын және тіркелген салық төлеушісі болып табылса А және В торкөздерінің екеуі де белгіленеді;"

17-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

1) "Салық төлеушінің (басшының) тегі, аты, әкесінің аты (болған кезде)" жолында құрылтай құжаттарына сәйкес басшының тегі, аты, әкесінің аты (болған кезде) көрсетіледі. Егер декларацияны жеке тұлға тапсырған жағдайда жолда салық төлеушінің тегі, аты, әкесінің аты (болған кезде) көрсетіледі, деректер жеке басын куәландыратын құжаттарға сәйкес толтырылады;

2) декларацияны тапсыру күні – декларацияны мемлекеттік кірістер органына ұсыну күні;

3) мемлекеттік кірістер органының коды – жекелеген қызмет түрлерін жүзеге асыратын салық төлеуші ретінде тіркеу орны бойынша мемлекеттік кірістер органының коды;

3-1) салық төлеушінің орналасқан жері бойынша мемлекеттік кірістер органының коды көрсетіледі;

4) "Декларацияны қабылдаған лауазымды тұлғаның тегі, аты, әкесінің аты (болған кезде)" жолында декларацияны қабылдаған мемлекеттік кірістер органы қызметкерінің тегі, аты, әкесінің аты (болған кезде) көрсетіледі;

5) декларацияны қабылдау күні – Салық кодексінің 206-бабы 2-тармағына сәйкес декларацияның табыс етілген күні;

6) құжаттың кіріс нөмірі – мемлекеттік кірістер органы берген декларацияның тіркеу нөмірі;

7) пошта штемпелінің күні – пошта немесе өзге байланыс ұйымы қойған пошта штемпелінің күні.

Осы тармақтың 4), 5), 6) және 7) тармақшалары декларацияны қағаз жеткізгіште қабылдаған мемлекеттік кірістер органының қызметкері толтырады."

;

мынадай мазмұндағы 21-1-тармақпен толтырылсын:

"21-1. "Ойын бизнесі бойынша қосылған құн салығы" бөлімінде:

710.01.013 жолында казино, ойын автоматтарының залдары, тотализаторлар және букмекерлік кеңселер қызметін көрсету бойынша қызметті жүзеге асыру нәтижесінде салық кезеңі үшін алынған кіріс мөлшерінде айқындалған салық салынатын айналым көрсетіледі;

710.01.014 жолында 710.01.013 жолында көрсетілген салық салынатын айналым бойынша қосылған құн салығы көрсетіледі;

710.01.015 жолында есепке жатқызуға рұқсат етілген және 710.01.014 жолында көрсетілген салық салынатын айналым бойынша қосылған құн салығынан 85 % мөлшерінде айқындалған қосылған құн салығы көрсетіледі;

710.01.016 жолында 710.01.014 және 710.01.015 жолдарының айырмасы ретінде айқындалатын, есептелген қосылған құн салығының сомасы көрсетіледі."

3. Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Мемлекеттік кірістер комитеті заңнамада белгіленген тәртіппен:

1) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелуін;

2) осы бұйрық мемлекеттік тіркелген күннен бастап күнтізбелік он күн ішінде оның қазақ және орыс тілдерінде Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкінде ресми жариялау және енгізу үшін Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің "Қазақстан Республикасының заңнама және құқықтық ақпарат институты" шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнына жолдануын;

3) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің интернет-ресурсында орналастырылуын;

4) осы бұйрық Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелгеннен кейін он жұмыс күні ішінде осы тармақтың 1), 2) және 3) тармақшаларында көзделген іс-шаралардың орындалуы туралы мәліметтерді Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Заң қызметі департаментіне ұсынуды қамтамасыз етсін.

4. Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасы
Премьер-Министрінің
бірінші орынбасары –
Қазақстан Республикасының
Қаржы Министрінің
2019 жылғы 29 мамырдағы
№505 бұйрығына
қосымша
Қазақстан Республикасы
Қаржы Министрінің
2019 жылғы 12 ақпандағы
№ 166 бұйрығына
56-қосымша

**ОЙЫН БИЗНЕСІ САЛЫҒЫ БОЙЫНША ЖӘНЕ ТІРКЕЛГЕН САЛЫҚ БОЙЫНША
ДЕКЛАРАЦИЯ**

нысан 710.00

«Ойын бизнесі салығы және тіркелген салық бойынша декларация» салық есептілігін жасау Қағидаларын оқыңыз.
НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ! ҚАРА не КОКСиялы қаламмен немесе қаламұшпен баспаханалық БАС ӨРШПТЕРМЕН толтырыңыз.

Бөлім. Салық төлеуші туралы жалпы ақпарат

1 ЖСН(БСН)

2 Салық төлеушінің аты-жөні немесе атауы

3 Салық есептілігі тапсырылатын салық кезеңі: тоқсан жыл

4 Декларацияның түрі (тиісті төркөзде көрсетіңіз):
 бастапқы кезекті қосымша хабарлама бойынша қосымша таратылу

5 Хабарламаның нөмірі мен күні (хабарлама бойынша қосымша декларация тапсырған жағдайда толтырылады):
A нөмірі **B** күні Сандармен күн, ай, жыл

6 Салық кодексінің 40-бабына сәйкес салық төлеушінің жекелеген санаттары (тиісті төркөзде көрсетіңіз):
A сенімгерлік басқарушы **B** сенімгерлік басқарушының құрылтайшысы **C** қосылған құнсалғының төлеушісі

7 Төлеушінің санаты (тиісті төркөзде көрсетіңіз):
A ойын бизнесі салығының төлеушісі **B** тіркелген салығының төлеушісі **C** қосылған құн салығының төлеушісі

8 Валюта коды 9 Қосымшалардың саны

Бөлім. Ойын бизнесі салығы

Жол коды	Атауы	МБ	МВ	МҰ	МҚ	МБ	МВ	МҰ	МҚ
710.00.001	Бюджетке төленуге жататын ойын бизнесі салығының сомасы (710.01.007С барлық 710.01 нысандары бойынша)	<input type="text"/>	<input type="text"/>	<input type="text"/>	<input type="text"/>	<input type="text"/>	<input type="text"/>	<input type="text"/>	<input type="text"/>
710.00.002	Бюджетке төленуге жататын қосымша төлемнің сомасы (710.01.012 С барлық 710.01 нысандары бойынша)	<input type="text"/>	<input type="text"/>	<input type="text"/>	<input type="text"/>	<input type="text"/>	<input type="text"/>	<input type="text"/>	<input type="text"/>

Бөлім. Тіркелген салық

710.00.003	Бюджетке төленуге жататын тіркелген салықтың сомасы (710.02.009 С барлық 710.02 нысандары бойынша)	<input type="text"/>	<input type="text"/>	<input type="text"/>	<input type="text"/>	<input type="text"/>	<input type="text"/>	<input type="text"/>	<input type="text"/>
------------	---	----------------------	----------------------	----------------------	----------------------	----------------------	----------------------	----------------------	----------------------

Бөлім. Салық төлеушінің жауапкершілігі

Мен осы Декларацияда келтірілген мәліметтердің дұрыстығы мен толықтығы үшін Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес жауапкершілікте боламын.

Шектеу сызығынан шықпаңыз		Салық төлеушінің (басынның) тегі, аты, әкесінің аты (болған кезде) _____ Қолы _____	
Декларацияны тапсырған күні <input type="text"/>	Мемлекеттік кірістер органының коды <input type="text"/>	Орналасқан жері бойынша мемлекеттік кірістер органының коды <input type="text"/>	Декларацияның қабылданған күні <input type="text"/>
Шектеу сызығынан шықпаңыз		Декларацияны қабылдаған лауазымды адамның тегі, аты, әкесінің аты (болған кезде) _____ Қолы _____	
Декларацияның кіріс нөмірі <input type="text"/>	Мөртабан орны <input type="text"/>	Пошта штемпелінің күні (Декларацияны поштамен тапсырған жағдайда толтырылады) <input type="text"/>	Сандармен күн, ай, жыл



ОЙЫН БИЗНЕСІ САЛЫҒЫ
(Декларацияға қосымша)

нысан 710.01 бет 01

Ағымдағы беттің
нөмірін көрсетіңіз

Бөлім. Салық төлеуші туралы жалпы ақпарат

1 ЖСН(БСН)

2 Салық есестілігі тапсырылатын салық кезеңі: тоқсан жыл 3 АЕК

4 Объектілердің бар-жоғы **A** белгіленген ставка бойынша салық салынатын объектілер бойынша: **B** белгіленген ставканың 1/2 мөлшерінде салық салынатын объектілер бойынша:

Бөлім. Бюджетке төленуге жататын ойын бизнесі салығын есептеу

Жол коды	Салық салу объектілерінің түрлері	A Салық салу объектілерінің саны	B Ставка	C Ойын бизнесі салығының сомасы теңгеде
710.01.001	Ойын үстелі	млн	млн	млн
I	1 ай	<input type="text"/>	<input type="text"/>	<input type="text"/>
II	2 ай	<input type="text"/>	<input type="text"/>	<input type="text"/>
III	3 ай	<input type="text"/>	<input type="text"/>	<input type="text"/>
710.01.002	Ойын автоматы	млн	млн	млн
I	1 ай	<input type="text"/>	<input type="text"/>	<input type="text"/>
II	2 ай	<input type="text"/>	<input type="text"/>	<input type="text"/>
III	3 ай	<input type="text"/>	<input type="text"/>	<input type="text"/>
710.01.003	Тотализатор кассасы	млн	млн	млн
I	1 ай	<input type="text"/>	<input type="text"/>	<input type="text"/>
II	2 ай	<input type="text"/>	<input type="text"/>	<input type="text"/>
III	3 ай	<input type="text"/>	<input type="text"/>	<input type="text"/>
710.01.004	Тотализатордың электронды кассасы	млн	млн	млн
I	1 ай	<input type="text"/>	<input type="text"/>	<input type="text"/>
II	2 ай	<input type="text"/>	<input type="text"/>	<input type="text"/>
III	3 ай	<input type="text"/>	<input type="text"/>	<input type="text"/>
710.01.005	Букмекер кеңсесінің кассасы	млн	млн	млн
I	1 ай	<input type="text"/>	<input type="text"/>	<input type="text"/>
II	2 ай	<input type="text"/>	<input type="text"/>	<input type="text"/>
III	3 ай	<input type="text"/>	<input type="text"/>	<input type="text"/>
710.01.006	Букмекер кеңсесінің электронды кассасы	млн	млн	млн
I	1 ай	<input type="text"/>	<input type="text"/>	<input type="text"/>
II	2 ай	<input type="text"/>	<input type="text"/>	<input type="text"/>
III	3 ай	<input type="text"/>	<input type="text"/>	<input type="text"/>
710.01.007	Ойын бизнесі салығы - барлығы			<input type="text"/>



ТІРКЕЛГЕН САЛЫҚ
(Декларацияға қосымша)

нысан 710.02 бет 01
Ағымдағы беттің нөмірін көрсетіңіз

Бөлім. Салық төлеуші туралы жалпы ақпарат

1 ЖСН(БСН)

2 Салық есептілігі тапсырылатын салық кезеңі: тоқсан ЖЫЛ 3 АЕК

4 Объектілердің бар-жоғы (тиісті торқозде X көрсетіңіз): **A** белгіленген ставка бойынша салық салынатын объектілер бойынша **B** белгіленген ставканың 1/2 мөлшерінде салық салынатын объектілер бойынша

Бөлім. Бюджетке төленуге жататын тіркелген салықты есептеу

Жола коды	Салық салу объектілерінің түрлері	A Салық салу объектілерінің саны	B Ставка	C Тіркелген салықтың сомасы, тенгеде
710.02.001	Бір ойыншымен ойын өткізуге, арналған ұтыссыз ойын автоматы			
	I 1 ай	<input type="text"/>	<input type="text"/>	<input type="text"/>
	II 2 ай	<input type="text"/>	<input type="text"/>	<input type="text"/>
	III 3 ай	<input type="text"/>	<input type="text"/>	<input type="text"/>
710.02.002	Біреуден артық ойыншылардың қатысуымен ойын өткізуге арналған ұтыссыз ойын автоматы			
	I 1 ай	<input type="text"/>	<input type="text"/>	<input type="text"/>
	II 2 ай	<input type="text"/>	<input type="text"/>	<input type="text"/>
	III 3 ай	<input type="text"/>	<input type="text"/>	<input type="text"/>
710.02.003	Ойын өткізу үшін пайдаланылатын дербес компьютер			
	I 1 ай	<input type="text"/>	<input type="text"/>	<input type="text"/>
	II 2 ай	<input type="text"/>	<input type="text"/>	<input type="text"/>
	III 3 ай	<input type="text"/>	<input type="text"/>	<input type="text"/>
710.02.004	Ойын жолы			
	I 1 ай	<input type="text"/>	<input type="text"/>	<input type="text"/>
	II 2 ай	<input type="text"/>	<input type="text"/>	<input type="text"/>
	III 3 ай	<input type="text"/>	<input type="text"/>	<input type="text"/>
710.02.005	Карт			
	I 1 ай	<input type="text"/>	<input type="text"/>	<input type="text"/>
	II 2 ай	<input type="text"/>	<input type="text"/>	<input type="text"/>
	III 3 ай	<input type="text"/>	<input type="text"/>	<input type="text"/>
710.02.006	Бильярд үстелі			
	I 1 ай	<input type="text"/>	<input type="text"/>	<input type="text"/>
	II 2 ай	<input type="text"/>	<input type="text"/>	<input type="text"/>
	III 3 ай	<input type="text"/>	<input type="text"/>	<input type="text"/>
710.02.007	Уәкілетті ұйымның айырбас пункті			
	I 1 ай	<input type="text"/>	<input type="text"/>	<input type="text"/>
	II 2 ай	<input type="text"/>	<input type="text"/>	<input type="text"/>
	III 3 ай	<input type="text"/>	<input type="text"/>	<input type="text"/>
710.02.008	Уәкілетті ұйымның арнайы аймақта орналасқан айырбастау пункті			
	I 1 ай	<input type="text"/>	<input type="text"/>	<input type="text"/>
	II 2 ай	<input type="text"/>	<input type="text"/>	<input type="text"/>
	III 3 ай	<input type="text"/>	<input type="text"/>	<input type="text"/>
710.02.009	Тіркелген салық - барлығы			<input type="text"/>



© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК